

«БЕКІТІЛДІ»
 ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу
 орталығы» РМҚК директоры
 Р. Емелбаев
 « _____ » _____ 2023 ж.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыты
«Туристік қызметті ұйымдастыру» пәні бойынша
оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру
бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған
тест спецификациясы
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В091-Туризм

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Туризм негізі.	01	Туризм анықтамасы, туризмде қолданылатын негізгі түсініктер.	Туризмдегі негізгі түсініктерді анықтау.
		02	Туризмнің заңнамалық негіздері.	Негізгі НҚА зерделеу.
		03	Туризм және экология.	Туризмнің экологияға ықпалын анықтау
02	Туристік ресурстар және туризм индустриясы.	04	Жер шарының және Қазақстанның туристік ресурстары.	Жер шарының және Қазақстанның туристік ресурстарын сипаттау.
		05	Туризм дамуының алғышарттары.	Туризм дамуының алғышарттарын анықтау.
		06	Туризм инфрокұрылымы.	Туризмнің инфрақұрылымын анықтау
		07	Аумақтық топонимика. Өзгеше қорғаудағы табиғи аумақтар.	Ерекше қорғаудағы аумақтарды сипаттау
03	Туристік қызмет көрсету, жұмыстар, тауарлар.	08	Туристік қызмет көрсету.	Туристік қызмет көрсетуді сипаттау
		09	Туристік нысандылықтар. Тур және туристік маршруттар.	Туристік нысандылықтарды сақтау.
04	Туризм халық шаруашылығының бір саласы ретінде.	10	Туристік өнім және оны өндіру факторлары.	Туристік өнім өндіру.
		11	Туризмдегі жарнама. Туристік нарық және бизнес.	Туристік нарықты сипаттау отырып, туристік өнімді жарнамалауға қатысу.
		12	Тур фирма ұйымдастырудың тәртібі. Турфирманың туристік бизнес- жоспарын құру. Іскерлік хат жазысу, мәдениет және этика.	Туристік фирма құру. Бизнес-жоспар жасау. Іскерлік хат жазысуға қатысу.
05	Турды құру және ұйымдастыру.	13	Туристік маршрутты құру және турларды рәсімдеу тәртібі.	Туристік маршруттарды әзірлеу және турларды рәсімдеу

06	Туристік қызметті стандарттау.	14	Туристік-экскурсиялық қызмет көрсету.	Турларды ұйымдастыру.
07	Туристік қызметті сертификаттау.	15	Қызмет көрсетудің сапасы. Тұтынушылардың құқығын қорғау.	Ұсынылатын қызмет сапасын қамтамасыз ету. Тұтынушылардың құқығын қорғау шарттарын анықтау
08	Туристік саяхаттардың қауіпсіздік негіздері.	16	Туристік саяхаттардың қауіпсіздігі. Автокөліктік саяхат кезіндегі қауіпсіздік. Тұрмыстық жағдайлардағы туристердің қауіпсіздігі.	Туристік саяхаттардың, автокөліктік саяхат кезіндегі, тұрмыстық жағдайлардағы туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Туристік қызметті ұйымдастыру» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша үлгілік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: базалық деңгейде (А) – 25%, орташа деңгейде (В) – 50%, жоғарғы деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ өткізу Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген

оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Алиева Ж.Н., Ердаuletов С.Р. «Туризм географиясы», Қазақ университеті, 2011
2. Алиева Ж.Н., Ердаuletов С.Р., Жұмаділов А.Р. «Халықаралық туризм географиясы», Қазақ университеті, 2017
3. Ердаuletов С.Р., Ж.Н. Алиева Халықаралық туризм географиясы. Алматы, Қазақ Университеті, 2004ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

**«Қызмет» профилі бойынша
оқу-әдістемелік
бірлестігінің төрағасы**

Жабыкбаев Н.Ж.

(қолы)

(Т.А.Ө)

« 10 »

2022 ж.



Handwritten signature

Handwritten signature

Handwritten signature

Handwritten signature